



**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (2020 жылғы 30 желтоқсандағы өзгертулермен, басталуы 2020 жыл 01 қаңтар)**

Бекітілген күні: 15 Мамыр 2020

Колданысқа енгізілетін күні: 21 Мамыр 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 11-бабы 3-2-тармағына (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы Заң) және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі – ФАТФ) ұсынымдарына сәйкес әзірленді және КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 3-бабы

1-тармағының 19)-тармақшасында белгіленген қаржы мониторингі субъектілері (бұдан әрі – Субъект) үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына талаптар белгілейді.

2. Талаптарда қолданылатын ұғымдар КЖ/ТҚҚ туралы Заңда көрсетілген мағыналарында пайдаланылады.

Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ерекше операция (мәміле) – КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының

4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша міндетті зерделенуге жататын операция (мәміле);

2) кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері (бұдан әрі – КЖ/ТҚ) – Субъектіні КЖ/ТҚ процестеріне немесе өзге қылмыстық қызметке қасақана немесе қасақана емес тарту мүмкіндігі;

3) КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару – Субъектінің КЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтау, бағалау, оларға мониторинг жасау, сондай-ақ оларды барынша азайту (өнімдерге/қызметтерге, клиенттерге, сондай-ақ клиенттер жасайтын операцияларға қатысты) бойынша қабылдайтын шараларының жиынтығы;

4) шекті операция – КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес қаржы мониторингіне жататын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция;

5) мінсіз іскерлік бедел – кәсібилікті, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының бар-жоғын растайтын фактілердің болуы.

3. Субъект КЖ/ТҚ-ға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) ішкі бақылауды (бұдан әрі - ІБ):

1) КЖ/ТҚҚ туралы Заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуді;

2) Субъектінің ІБ жүйесінің КЖ/ТҚ тәуекелдерін және қатар жүретін тәуекелдерді (операциялық, беделді жоғалту, құқықтық) басқару үшін жеткілікті деңгейде ұстап тұруын;

3) Субъектіні, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін КЖ/ТҚ процестеріне тартуды болдырмау үшін жүзеге асырады.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

4. Субъектілер КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ ұйымдастыру шеңберінде оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсатында Субъектінің ІБ-ның тиімділігін бағалауға аудит жүргізуіне қойылатын талаптар қамтылатын Ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді.

ІБ қағидалары КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабында көзделген бағдарламалардан тұрады, Субъект оларды осы талаптарға сәйкес дербес әзірлейді және Субъектінің ішкі құжаты не осындай құжаттардың жиынтығы болып табылады.

КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Субъектілер күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ІБ қағидаларына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

## **2-тарау. ҚЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ-ны ұйымдастыру бағдарламасы**

5. КЖ/ТҚҚ бойынша ІБ ұйымдастыру мақсатында Субъект КЖ/ТҚҚ үшін ІБ бағдарламасын әзірлейді.

Субъектінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісті құзыреті бар Субъект органының ІБ қағидаларының сақталуына мониторингті жүзеге асыру үшін жауапты тұлға (бұдан әрі – Жауапты қызметкер) тағайындалады, сондай-ақ құзыретіне КЖ/ТҚҚ мәселелері кіретін қызметкерлері не бөлімшесі (бөлімшелер) (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше) белгіленеді.

6. Жауапты қызметкерді тағайындау кезінде мынадай талаптар ескеріледі:

1) КЖ/ТҚҚ саласында кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы, ал көрсетілген өтілі болмаған жағдайда – КЖ/ТҚҚ бойынша оқудан өткені туралы сертификатының (куәлігінің) болуы;

2) мінсіз іскерлік беделінің болуы.

7. КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ-ны ұйымдастыру бағдарламасы мыналарды қамтиды, бірақ шектелмейді:

1) КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкердің/Бөлімшенің функцияларын, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ-ны жүзеге асыру кезінде Субъектінің басқа бөлімшелерімен немесе қызметкерлерімен өзара іс-қимыл тәртібін сипаттауды;

2) КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ-ны жүзеге асыру және қаржы мониторингін жүзеге асыратын және ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес КЖ/ТҚҚ бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік уәкілетті органға

(бұдан әрі – Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті орган) хабарламалар беру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз ету туралы мәліметтерді, оның ішінде оларды әзірлеушілер туралы мәліметтерді;

3) КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ-ны іске асыру барысында алынған мәліметтерді тіркеу, сондай-ақ құжаттар мен ақпаратты сақтау рәсімін;

4) Субъект қызметкерлерінің КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкерді/Бөлімшені және Субъект басшылығын өздеріне белгілі болған КЖ/ТҚҚ туралы Заңды бұзу, сондай-ақ Субъект қызметкерлері жол берген ІБ қағидаларын бұзу фактілері туралы хабардар ету рәсімін;

5) КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша басқару есептілігін дайындау және Субъект басшылығына ұсыну рәсімін;

6) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шараларды қолдану рәсімдерін.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

8. КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкердің/Бөлімшенің функцияларына мыналар енгізіледі, бірақ олармен шектелмейді:

1) тиісті құзыретке ие Субъектінің органы әзірлеген және бекіткен ІБ қағидаларының және (немесе) оларға өзгерістердің (толықтырулардың),

сондай-ақ банкте олардың сақталуына мониторингтің болуын қамтамасыз ету;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға хабарламалар ұсынуды ұйымдастыру және олардың ұсынылуын бақылау;

3) клиенттердің операцияларын күдікті ретінде тану және Субъекттің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға хабарламалар жіберу қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;

4) КЖ/ТҚҚ туралы Заңда және (немесе) клиенттермен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда және Субъектінің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиенттермен операциялар жүргізуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау;

5) КЖ/ТҚҚ туралы Заңда және (немесе) Субъектінің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешім қабылдау үшін тиісті құзыретке ие Субъектінің органына сұрау салу жіберу;

6) Субъектінің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен ІБ қағидаларының бұзушылықтары анықталғаны жөнінде Субъектінің басқару органын және (немесе) атқарушы органын хабардар ету;

7) Субъектінің басқару органына есептер жасау үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында ІБ және тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту бойынша ұсынылған шаралар мен ІБ қағидаларын іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты тиісті құзыретке ие Субъект органдарымен дайындау және келісу;

8) клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, КЖ/ТҚ типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдау.

9. Жүктелген функцияларды орындау үшін КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкеріне/Бөлімшесіне мынадай өкілеттіктер беріледі, бірақ олармен шектелмейді:

1) өз функцияларын толық көлемде және Субъектінің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шекте Субъектінің барлық үй-жайларына, ақпараттық жүйелеріне, телекоммуникация құралдарына, құжаттар мен файлдарға кіруге рұқсат алу;

2) Субъектінің бөлімшелеріне ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге қатысты нұсқаулар беру;

3) өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

4) Субъектінің бөлімшелерінен алынатын құжаттар мен файлдардың сақталуын қамтамасыз етуді.

10. Осы Талаптардың 8 және 9-тармақтарында көзделген функциялар мен өкілеттіктер толық немесе ішінара жүктелген Субъектінің бөлімшелерінде болған кезде осындай қызметкерлердің КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді Жауапты қызметкер жүзеге асырады.

11. КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкердің/Бөлімшенің, сондай-ақ Талаптардың 8-тармағында көзделген функциялар жүктелген Субъект

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

қызметкерлерінің функциялары ішкі аудиттің функцияларымен, сондай-ақ Субъектінің бизнес-бөлімшелері жүзеге асыратын функциялармен қоса атқарылмайды.

12. Субъект ІБ мәселелері бойынша процестерді автоматтандыру үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында Субъектінің ІБ қағидаларының талаптарына сәйкес келетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады.

### **3-тарау. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы**

13. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру мақсатында Субъект КЖ/ТҚ Тәуекелдерін басқару бағдарламасын әзірлейді.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-1-бабы 6-тармағына сәйкес КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы мыналарды қамтиды, бірақ шектелмейді:

1) КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін бағалауды, айқындауды, құжаттық тіркеуді және жаңарту рәсімдерін;

2) бақылау шараларын, КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару және төмендету жөніндегі рәсімдерді;

3) өз клиенттерін КЖ/ТҚ тәуекелінің дәрежесін ескере отырып, сыныптау рәсімдерін.

14. Субъектілер жыл сайынғы негізде КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау есебінен ақпаратты және кем дегенде, тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын:

клиенттердің түрі бойынша тәуекелді;

елдік (географиялық) тәуекелді;

қызметтер және (немесе) оны ұсыну тәсілі тәуекелдерін ескере отырып КЖ/ТҚ тәуекелдеріне өздерінің қызметтерінің (өнімдерінің) ұшырау дәрежесін бағалауды жүзеге асырады.

Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалау тәуекелдерді анықтауды, клиенттер операцияларын сәйкестендіру рәсімдері мен мониторингін өзгертуді, қызметтер (өнімдер) беру тәртібін өзгертуді, қызметтер (өнімдер) беруден бастартуды қоса, азайтуға бағытталған мүмкін болатын іс-шараларды сипаттаумен қоса жүреді.

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның және АХҚО-ның қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің талап етуі бойынша ұсынылады.

15. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ тәуекелін арттыратын клиенттердің типтеріне мыналар енгізіледі, бірақ олармен шектелмейді:

1) жария лауазымды адамдар, олардың отбасы мүшелері және жақын туыстары;

2) шетелдік қаржы ұйымдары;

3) қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты тұлғалар;

4) қорлардың, діни бірлестіктердің, ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдар;

5) Талаптардың 17-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдар мен осындай тұлғалардың өкілдіктері;

6) сол клиенттің номиналды акционерлері немесе ұсынушыға арналған акциялары бар;

7) алынған деректердің дұрыстығына күмәндануға негіздер бар клиент;

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

8) сол клиент ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңда көзделген клиентті тиісінше тексеру (бұдан әрі - КТТ) рәсімдерінен жалтаруға бағытталған іс-әрекеттер жасайды;

9) сол клиент туралы ҚЖ/ТҚҚ бойынша әлеуетті қызметке қатысты теріс ақпарат бар;

10) тұлғалар, ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңда 12 және 12-1-бабтарында көзделген террористік әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізіміне (бұдан әрі - Тізім) және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса (бұдан әрі - Тізбелер).

16. Мәртебесі және (немесе) қызметі ҚЖ/ТҚҚ тәуекелін төмендететін клиенттер типтері енгізіледі, бірақ шектелмейді:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар;

2) Субъект ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың талаптарын тиімді орындайды және оларға қатысты ҚЖ/ТҚҚ заңнамасының сақталуын бақылау жүзеге асырылады;

3) акциялары Қазақстан Республикасының қор биржасының және (немесе) шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдар;

17. Субъект осы тармақта көрсетілген шет мемлекеттерде қызметті жүргізуге, осындай шет мемлекеттер клиенттеріне қызметтерді (өнімдерді) көрсетумен, осындай шет мемлекеттердің қатысуымен ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асырумен байланысты елдік (географиялық) тәуекелді басқаруды жүзеге асырады.

Олармен жасалатын операциялар ҚЖ/ТҚҚ тәуекелін жоғарылататын шет мемлекеттер:

1) ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган жасайтын ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

2) Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен қабылданған оларға қатысты халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын шет мемлекеттер (аумақтар);

3) «Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 142 бұйрығымен бекітілген Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

4) Субъект басқа факторлардың (сыбайлас жемқорлық, есірткілердің заңсыз өндірілуі, айналымы және (немесе) транзит деңгейі туралы мәліметтер, халықаралық терроризмді қолдау туралы мәліметтер) негізінде ҚЖ/ТҚҚ жоғары тәуекелін көрсетуші ретінде анықтаған шет мемлекеттер (аумақтар) болып табылады.

БҰҰ-ның және халықаралық ұйымдардың деректері бойынша мұндай мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне сілтемелер қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

18. Субъектінің ҚЖ/ТҚҚ жоғары тәуекеліне ұшырағыш қызметтері (өнімдері, операциялары), сондай-ақ оларды ұсыну тәсілдері мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) клиенттерге қашықтан қызмет көрсетуді;

2) халықаралық нарықтарда дербес брокерлік қызмет көрсетуді;

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

- 3) активтерді сенімгерлік басқаруды;
- 4) жеке клиенттерге банктік қызметтерді ұсынады;
- 5) анонимділік;
- 6) жағдай іскерлік қатынастармен және/немесе белгілі бір кепілдіктерсіз, мысалы, электрондық қолдарсыз жеке өзі жүзеге асырмаған мәмілелермен байланысты;
- 7) Субъектіге белгісіз үшінші тұлғалардан төлемдер түсетін болады;
- 8) жаңа және қолданыстағы өнімдер үшін жаңа немесе дамушы технологияларды жеткізу мен пайдаланудың жаңа тетіктерін қоса алғанда, бизнесті жүргізудің жаңа өнімдері мен жаңа әдістері іске қосылған;
- 9) қызмет номиналды директорларды, номиналды акционерлерді, яғни оларға жүктелген функцияларды номиналды орындайтын тұлғаларды немесе инкорпорация орнынан немесе компанияны тиімді басқару орнынан немесе Қазақстаннан өзгеше елдерде компаниялар құруды көздейді;
- 10) қызмет контрагенттермен немесе клиенттермен құжатталмаған немесе ауызша келісімдерді көздейді, яғни қызметті жүргізу қандай да бір құжаттармен расталмайды және оны көрсету фактісі ауызша коммуникация шеңберінде ғана белгілі.

19. Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін Талаптардың 15, 16, 17 және 18-тармақтарына сәйкес бағалау кезінде Субъект тәуекелдің жиынтық дәрежесіне ықпал ететін қосымша мәліметтерді есепке алады, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға клиенттердің күдікті операциялары туралы Субъект жіберген хабарламалардың саны;
- 2) Субъект Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жіберген клиенттердің шекті операциялары туралы хабарламалардың саны;

20. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Субъект Талаптардың 15, 16, 17 және 18-тармақтарында көрсетілген тәуекелдердің санаттары мен факторларын, сондай-ақ Субъект белгілейтін тәуекелдердің өзге де санаттары мен факторларын ескере отырып, клиенттерді жіктеу жөнінде шаралар қолданады.

Клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін Субъектіде бар мәліметтер мен ақпаратқа жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Субъект белгілейді және тәуекел деңгейін айқындаудың кемінде екі деңгейден тұратын тәуекел деңгейін анықтау шәкілі бойынша бағаланады.

Талаптардың 15, 16, 17 және 18-тармақтарында көрсетілген тәуекелдер санаттары мен факторларын пайдаланумен тәуекелді бағалау клиенттерге (клиенттер топтарына) қатысты операциялар мониторингі (іскерлік қатынастар) нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Субъект клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін қайта қарауды клиент (клиенттер тобы) және операциялардың (іскерлік қатынастар) мониторингі нәтижелері туралы мәліметтердің жаңартылуына қарай жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы**

21. Субъект клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру бағдарламасын әзірлейді.

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру Субъектінің клиент (оның өкілі), клиенттің бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді тіркеу, іскерлік қатынастардың болжамды мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңда көзделген өзге де мәліметтерді алу және тіркеу бойынша іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты Субъект жүргізетін іс-шаралар деңгейі ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 7-тармағына сәйкес КТТ-ның жеңілдетілген не күшейтілген шараларын қолданудан көрінеді.

22. Клиенттердің, (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру бағдарламасы мыналарды:

1) іскерлік қатынастарды белгілеуді және (немесе) операция жүргізуді, сондай-ақ іскерлік қатынастарды тоқтатуға арналған рәсімді және орнату рәсімін және бас тарту негіздерін қоса алғанда, қызмет көрсетуге клиенттер қабылдау рәсімін;

2) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін, оның ішінде КТТ-ның жеңілдетілген және күшейтілген шараларын қолдану рәсімдерінің ерекшеліктерін;

3) шетелдік қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнату кезінде сәйкестендіруді жүргізу ерекшеліктерін;

4) Субъектінің қызмет көрсетілетін немесе қызмет көрсетуге қабылдайтын жеке тұлғалардың арасында жария лауазымды адамдарды анықтауға бағытталған шараларының сипаттамасын;

5) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін Тізімде және Тізбелерде болуына тексеру рәсімін;

6) іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату кезінде (клиенттің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз) сәйкестендіру ерекшеліктерін;

7) басқа қаржы ұйымдарынан мәліметтер алу арқылы клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру ерекшеліктерін;

8) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру мақсатында қосымша ақпарат көздерінің, оның ішінде мемлекеттік органдар ұсынатын ақпараттың сипаттамасын;

9) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің шынайы болуын тексеру рәсімін;

10) клиенттің досье жүргізу, мәліметтерді жаңарту мерзімділігін көрсете отырып, досьедегі мәліметтерді жаңартуды, нысанына, мазмұнына және тәртібіне қойылатын талаптарды;

11) Субъект қызметкерлерінің сәйкестендіруді жүргізу кезінде алынған ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету рәсімін;

12) клиенттің тәуекел деңгейін бағалау рәсімін, осындай тәуекелді бағалау негізін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

23. ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 6-бабының талаптарын ескере отырып, Субъект клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне іскерлік қатынастар орнатқанға дейін сәйкестендіру жүргізеді.

24. ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 7-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, Субъект клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру қажеттігіне қарай клиенттің тәуекел деңгейін ескере отырып, жасалатын операцияларды қаржыландырудың көзі туралы мәліметтерді алуды және тіркеуді қоса



**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

алғанда, іскерлік қатынастарға және операцияларды зерделеуге тексеру жүргізеді, сондай-ақ клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы алынған мәліметтердің шынайы болуына мына жағдайларда:

- 1) клиент шекті операция (мәміле) жасағанда;
- 2) клиент күдікті операция (мәміле) жасағанда (әрекет жасау);
- 3) клиент ерекше операция (мәміле) жасағанда;
- 4) клиент типологияларға, схемаларға және КЖ/ТҚ-ға сәйкес келетін сипаттамасы бар операция (мәміле) жасағанда тексеру жүргізеді.

Клиент орнатылған іскерлік қатынастар шеңберінде операция (мәміле) жасаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген, сондай-ақ бұрын алынғандарын жаңарту не клиент тәуекелінің деңгейіне және Талаптарға сәйкес қосымша мәліметтер алу жағдайларын қоспағанда, егер ол мұндай іскерлік қатынастар орнату кезінде жүргізілсе, клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне сәйкестендіру жүргізілмейді.

Клиент туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру тиісті құжаттардың тұпнұсқаларының деректерімен салыстыру арқылы немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерімен не қолжетімді көздерден алынған деректермен салыстыру арқылы, мәліметтерді тексеру клиенттің (оның өкілін) жеке басын анықтауға және куәландыруға, мекенжайына шығуды қоса алғанда, мүмкіндік беретін басқа тәсілдермен жүзеге асырылады.

Қолжетімді көздерден алынған деректерді растайтын құжаттардың көшірмелерімен салыстыру жолымен мәліметтердің дұрыстығына тексеру жүргізген кезде оның ішінде ақпарат, қолжетімді көздердің мәліметтерінен тұратын деректер базасынан үзінді-көшірмелер болып табылады.

25. Клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру шеңберінде Талаптардың

23 және 24-тармақтарына сәйкес алынған мәліметтер құжатпен тіркеледі және Субъект клиенттің досьесіне енгізеді, ол клиентпен іскерлік қатынастардың бүкіл кезеңі ішінде және клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кем дегенде 6 (алты) жыл Субъектіде сақталады.

Субъект ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 6-тармағының 1) тармақшасын қолданған кезде Субъект клиент туралы қаржы мониторингінің басқа субъектілерінен клиенттің досьесіне енгізу (қосу) үшін, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін сұрату бойынша кідіріссіз алады, оларға оның ішінде ақпарат, ақпараттық жүйеден немесе Субъект КТТ шараларына сүйенетін басқа қаржы мониторингі субъектілерінің деректер базасынан үзінді-көшірмелер жатады.

Субъект ішкі құжаттарды сақтау мен жүргізу және клиенттердің толық досьесін жүргізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

26. Клиентті сәйкестендіру (бенефициарлық меншік иесін анықтау) процесінде Субъект Тізімде және Тізбелерде осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) болуына тексеру жүргізеді.

Клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) Тізіммен Тізбелерде болуын тексеру клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты емес және Тізімге және Тізбелерге (Тізімнің және Тізбелердің жаңартылуына) өзгерістер енгізілуіне қарай жүзеге асырылады.

Субъект клиентті сәйкестендіру (бенефициарлық меншік иесін анықтау) процесінде осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) жария лауазымды адамға қатыстылығына тексеру жүргізеді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

27. Жаңарту клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтердің мерзімділігін және (немесе) алу қажеттігін клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып белгілейді.

Тәуекел деңгейі жоғары клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

## **5-тарау. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы**

28. Субъект клиенттер операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын әзірлейді.

29. Клиенттер операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, сондай-ақ Субъектілер дербес әзірлеген күдікті операциялар белгілері негізінде құрастырылған ерекше және күдікті операциялар белгілерінің тізбесін;

2) ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңының 4-бабы 5-тармағына сәйкес Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен КЖ/ТҚ-ға тиісті типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиент операцияларын анықтау рәсімін;

3) Субъект қызметкерлері (бөлімшелері) арасында Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) пен бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған қосымша мәліметтерді жаңарту және (немесе) оларды алу бойынша міндеттерді бөлуді;

4) Субъектінің қызметкерлері (бөлімшелері) арасында, қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерді анықтау және қызметкерлері (бөлімшелері) арасында бір-біріне беру бойынша міндеттерді бөлуді;

5) Субъект қызметкерлері (бөлімшелері) қаржы мониторингіне жататын операцияларды анықтауы кезінде өзара әрекет жасау тетігін сипаттауды;

6) Жауапты қызметкердің клиент операциясының деңгейі туралы шешім қабылдау рәсімін, негіздемесін және мерзімін;

7) қызметкерлерінің (бөлімшелерінің) клиент операциясын жүргізуден бас тарту туралы (клиенттің, бенефициарлық меншік иесінің Тізімде және Тізбелерде тұруына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім қабылдауы бойынша өзара әрекет ету рәсімін;

8) Субъект қызметкерлерінің (бөлімшелерінің) Тізімде және Тізбелерде тұрған клиенттер мен бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттердің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларын дереу тоқтату бойынша іс-қимыл жасау рәсімін;

9) ерекше операцияларды зерделеу нәтижелері туралы мәліметтерді, сондай-ақ қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерді тіркеу оның ішінде тіркеу тәсілдері және сақтау рәсімін;

10) Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы хабарламаларды ұсыну рәсімін;

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

11) КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкерді/Бөлімшені және (немесе) Субъектінің бірінші басшысын, Субъект басшылығын қаржы мониторингіне жататын операциялардың анықталғаны туралы хабардар ету (қажеттілігіне қарай) рәсімін;

12) клиент өзгеше және (немесе) күдікті операцияларды немесе КЖ/ТҚҚ типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес сипаттамалары бар операцияларды жүйелі және (немесе) айтарлықтай көлемде жүзеге асырған жағдайда, клиент пен оның операциясына қатысты Субъект қабылдайтын шараларды сипаттау және қабылдау рәсімін;

13) клиенттердің тәуекел деңгейі жоғары операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу рәсімін.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 5-тармағына сәйкес Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен күдікті операцияларының белгілерін айқындау мақсатында, Субъект ІБ қағидаларында Субъект қызметінің ауқымын және негізгі бағыттарын, оның клиенттері қызметінің ауқымын және негізгі бағыттарын клиенттермен және олардың операцияларымен байланысты тәуекелдер деңгейін ескере отырып бағалау санатын (жүйелілік, реттілік, елеулілік, маңыздылық, шамадан тыс алаңдаушылық, негізсіз асығыстық, аз уақыт кезеңі, үлкен көлем, адамдар тобы) дербес айқындайды.

30. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы шеңберінде Субъект барлық шекті, ерекше, күдікті операциялардың және КЖ/ТҚҚ типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамасы бар операциялардың мақсатын және негіздерін белгілеуге бағытталған іс-шаралар жүргізеді.

Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің нәтижелері Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау, сондай-ақ клиенттер тәуекелдерінің деңгейін қайта қарау үшін пайдаланылады.

Клиенттер операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) Субъектіде клиентпен іскерлік қатынастардың барлық кезеңі ішінде және операция жасалғаннан кейін кемінде алты жыл сақталады.

31. Клиент операцияларын зерделеу жиілігін Субъектілер клиент тәуекелінің деңгейін және клиент пайдаланатын қызметтерінің КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін, клиенттің қаржы мониторингіне жататын операциялар (операция) жасауын (жасау әрекетін) ескере отырып, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ-ға Субъектіде бар КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы

5-тармағына сәйкес Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен типологияларын, схемаларын және тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда, сондай-ақ клиент күдікті операция жасаған жағдайда Субъект клиенттің белгілі бір уақыт кезеңінде жүргізетін (жүргізген) операцияларының барлығын зерделейді.

Клиенттің операциялары:

1) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша;  
2) егер оларда күдікті операция белгілерінің сипаттамалары бар болса зерделеуге жатады.

32. Шекті операцияны сыныптаудың заңдылығы бөлігінде күмән туындаған кезде, сондай-ақ әдеттегіден тыс күдікті операцияны немесе КЖ/ТҚҚ типологияларына,

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамасы бар операцияларды анықтаған кезде көрсетілген операцияны анықтаған қызметкер осындай операция туралы Субъектінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, нысанда және мерзімде КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкерге/Бөлімшеге хабарлама жібереді.

КЖ/ТҚҚ бойынша Жауапты қызметкерге/Бөлімшеге жіберілетін қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) операция түрін;
- 2) операцияның мазмұнын;
- 3) операцияның күнін, сомасын және валютасын;
- 4) операцияға қатысатын (қатысатын) тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер (төлеуші, алушы, төлеушінің банкі, алушының банкі), егер қолданылса;
- 5) қаржы мониторингіне жататын операция ретінде операцияны саралау кезінде туындаған қиындықтар немесе операция КЖ/ТҚ мақсатында жүзеге асырылады деп күдік туындайтын операция ретінде жіктелетін себептер;
- 6) операция туралы хабарлама жасаған қызметкер туралы мәліметтер, оның қолы (өз қолымен немесе электрондық немесе Субъект белгілеген оның аналогы);
- 7) операция туралы хабарламаның жасалған күні мен уақыты;
- 8) операция туралы хабарламаны алған күні және оның қолы (өз қолымен, электрондық немесе Субъект белгілеген оның аналогы));
- 9) операция туралы хабарламаға қатысты қабылдаған шешім туралы жазба және оның қолы (өз қолымен жазылған, электронды немесе оның аналогы). Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға операция туралы мәліметтерді жібермеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, хабарламаға қабылдаған шешімнің дәлелді негіздемесі қосылады.

Осы тармақта көрсетілген операциялар туралы хабарламалар, сондай-ақ оларды зерделеу нәтижелері операция жасалғаннан кейін кемінде алты жыл сақталады.

32-1. Клиенттің операциялары:

ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша; оларда күдікті операция белгілерінің сипаттамалары бар болса зерделеуге жатады.

Субъектте осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген операцияларды зерделеу нәтижелері бойынша клиенттің операциялары КЖ/ТҚ мен байланысты деп пайымдауға негіздер бар болған кезде күдікті деп танылады.

Субъектілер клиенттің операциясын күдікті операция ретінде тану (танымау) туралы шешімді клиенттің (оның өкілінің) және операцияны жүзеге асыратын бенефициарлық меншік иесінің мәртебесі мен қызметін сипаттайтын, оның иелігіндегі ақпарат пен құжаттар, сондай-ақ клиенттің қаржылық-шаруашылық қызметі, қаржылық жағдайы және іскерлік беделі туралы ақпарат негізінде дербес қабылдайды.

Операцияны жасау уақыты мен осындай операцияны күдікті деп тану уақыты арасындағы айырмашылық Субъектінің ІБ қағидаларына сәйкес клиенттің операциясын зерделеу жиілігін айқындайтын уақыт аралығынан аспауы тиіс.

## **6-тарау КЖ/ТҚҚ саласында қаржы мониторинг субъектілерін даярлау және оқыту бағдарламасы**

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы мониторингі субъектілері үшін Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

33. Субъект қызметкерлерін ҚЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың, сондай-ақ ҚЖ/ТҚҚ саласындағы ІБ қағидаларының және Субъектінің өзге де ішкі құжаттарының талаптарын орындау үшін қажетті білім алуы және дағдыларды қалыптастыруы мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасының (бұдан әрі – Оқыту бағдарламасы) мақсаты болып табылады.

34. Оқыту бағдарламасына:

- 1) оқытудың тақырыптарын, өткізудің әдістерін, мерзімдерін және оқытуды өткізуге жауапты бөлімшені қамтитын қызметкерлерді оқыту рәсімі;
- 2) қызметкерлері оқытудан өтетін банк бөлімшелерінің тізбесі;
- 3) оқыту нәтижелерін сақтау рәсімі мен нысандары;
- 4) қызметкерлердің ҚЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша білімдерін тексеру рәсімі мен нысандары енгізіледі.

35. ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес Субъект Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен талаптарды ескере отырып, оқытуды өткізудің нысандары мен мерзімділігін белгілейді.